Іс-шара нәтижесінде оқушылардың қиындықтарға төзімділігі, стрессқа қарсы тұру қабілеті және өз сезімдерін басқару дағдылары артты. Сондай-ақ, оқушылардың буллингке қарсы көзқарасы қалыптасып, өз құқықтарын қорғау және бір-біріне қолдау көрсету қабілеттері нығайды. Оқушылар бұл тәжірибені өз өмірінде және мектептегі қарым-қатынастарында қолдануға дайын екенін көрсетті.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Қиындықтармен күресу жолдары: салауатты тәсілдер» және «Буллинг және оның алдын алу» тақырыптарындағы тренинг-сабақтар оқушылар үшін тәрбиелік және мазмұндық мәні зор іс-шара болды. Бұл іс-шара білім алушылардың психологиялық тұрақтылығын арттырып, саналы, жауапты, сыйластыққа

АНЫҚТАМА

Іс-шара атауы:«Ер намысы – ел намысы!»
Форматы:Ашық сабақ
Мерзімі:17 қараша 2025жыл
Орны:Кітапхана
Қатысушылар:10-11 сыныптар
Жауапты:әлеуметтік педагог.

Мақсаты:Оқушыларға «Ер намысы – ел намысы» ұғымының мәнін түсіндіру, ұлттық рухты, отансүйгіштік қасиетті, жауапкершілік пен намыс сезімін қалыптастыру. Батырлық пен елге қызмет етудің маңызын ұғындыру арқылы оқушылардың азаматтық позициясын нығайту.

10–11 сынып оқушыларымен «Ер намысы – ел намысы!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылармен бірге осы тақырыпқа арналған видеоролик көрсетіліп, бейнематериал мазмұны жан-жақты талқыланды.Оқушылар видеода көтерілген негізгі ойларға назар аударып, ерлік, батырлық, отансүйгіштік туралы пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар ел қорғаны болған тарихи тұлғалардың ерлігі мен қазіргі заман жастарына қойылатын жауапкершілік жайында ой қозғап, топтық және жалпы сыныптық талдау жүргізді.

Талқылау нәтижесінде оқушылар:

* ерлік пен намыстың мәнін түсінді;
* елге қызмет ету, отанды қорғау, ұлттық бірлік құндылықтарын ашық айтты;
* өз көзқарастарын дәлелдеп, өмірмен байланыстыра білді.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті, оқушылар белсенділік танытты және тақырыптың тәрбиелік маңыздылығын толық түсінді.

Нәтижесі:

Іс-шара барысында оқушылар:

- видеоролик мазмұнын талдай отырып, ерлік, намыс, отансүйгіштік туралы терең түсінік алды;
- өз ойларын еркін жеткізіп, топпен жұмыс жасау дағдысын дамытты;
- тарихи және қазіргі батырлық үлгілерін өмірмен байланыстырып, азаматтық жауапкершіліктің маңызын түсінді;
- ұлттық құндылықтарды құрметтеу және елге қызмет етуге деген ынтасын арттырды.

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры
_____Б.Дуйсенбаев
« » қараша 2025ж

30.10.2025ж №03.03/4701 санды хатына сәйкес, 20 қараша - Дүниежүзілік балалар күніне арналған Республикалық онкүндікті ұйымдастыруға байланысты 15-25 қараша аралығында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің іс-шаралар жоспары.

№	Іс-шаралар жоспары	Аяқталу формасы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Бақытты бала-бейбіт елдің тірегі	Ата-аналармен кездесу	17.11.2025ж	Сынып жетекшілері
2	«Қамқорлық және сүйіспеншілік» тақырыбында ашық есік күндерін өткізу	Кәсіби психолгтармен кездесу	18.11.2025ж	Мектеп психолгтары
3	Түнгі қаладағы балалар	ҚР ІІМ-мен бірлескен түнгі акция	19.11.2025ж	Мектеп-лицей әкімшілігі,сынып жетекшілер
4	«Интернетті білім алуда пайдалану: пайдасы мен қаупі» – жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында пікірсайыс байқауларын өткізу	Мектеп оқушылары арасында пікір сайыс өткізу	20.11.2025ж	Ұшқыр ой алаңы жетекшісі,сынып жетекшілер
5	«Менің құқықтарым»	Сурет байқауы 6 сыныптар	20.11.2025ж	Көркем еңбек пән бірлестігі
6	«Мен және менің ата-анам	5-7 сынып ата - аналарымен сыныптық жиналыс.	21.11.2025ж	5-7 сынып жетекшілері
7	Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі.	8-11 сынып ата-аналарымен жиналыс	21.11.2025ж	8-11 сынып жетекшілер
8	«Бала құқығы мен міндеттері туралы ҚР заңнамалар» құқықтық білім сабағы	5-11 лекция, жиналыс	24.11.2025ж	ДТІЖО ,Мектеп инспекторы,сынып жетекшілер

Анықтама
И.В Панфилов атындағы №5 мектеп- лицейінің 2025-2026 оқу жылында «Эссе байқауы» өткізілді

Іс-шара атауы: «Жақсы кітап — жан азығы»
Форматы: Эссе байқауы
Мерзімі: 18 қараша, 2025 жыл
Орны: Кітапхана
Қатысушылар: 5-7 сыныптар
Жауапты: «Балалар кітаханасы» жоба жетекшісі Р.Кокилова

Мақсаты:
Оқушыларды кітап оқуға баулу, олардың ойлау қабілеті мен көркем тілде жазу шеберлігін дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

Қатысушылар:
Байқауға 5–7-сынып оқушылары қатысты. Әр сыныптан белсенді, шығармашыл, кітап оқуға ынталы оқушылар іріктеліп алынды.

Байқау барысы:
Оқушылар өздері оқыған сүйікті кітаптары туралы эссе жазып, кітаптың бала тәрбиесіндегі, адам руханиятындағы орнын ашып көрсетуге тырысты. Эсселерде көркем тілмен ой жеткізу, мазмұн тереңдігі, жеке көзқарас бағаланды.

Нәтиже:
Үздік деп танылған жұмыстар марапатталып, мектеп кітапханасына ұсынылды. Іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Қорытынды:
Байқау оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

«Балалар кітаханасы» жоба жетекшісі **Р.Кокилова**

Апта дәйек сөзі	**Жаңашылдық – заман талабы**	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Әбішаева Ақерке Сержанқызы	
Күні:	**19.11.2025ж**	
Сынып:9Ә	Қатысушылар саны:24	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	**«STARTUP» байқауы — қоршаған ортаны жақсарту идеялары бойынша форсайт сессиялары. “SMART BALA” жобасы**	
Құндылық	**Жасампаздық және жаңашылдық**	
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	**«Smart Bala – саналы ұрпақ: Қоршаған ортаны сақтаудағы жасампаз жастар»**	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтың әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	1.Тақырыпқа кіріспе «STARTUP» деген не? Қоршаған ортаны жақсарту не үшін керек? «Smart Bala» жобасының мақсаты. 2. Форсайт-сессия түсіндірме: болашақты болжау, шешім табу, жобалау. 3. Жағдаят: Мектеп ауласы қоқысқа толы. Оқушылар не істей алады?	**Мақсаты:** Оқушыларға экологияны қорғаудың маңызын түсіндіру Қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған ой айту, идея ұсыну дағдысын қалыптастыру Жауапкершілік, белсенділік, шығармашылық қабілетін Жағдаят: Мектеп ауласы қоқысқа толы. Оқушылар не істей алады?арттыру		Презентация Интерактивті тақта немесе компьютер Мотивациялық экобуклеттер, жадынама Постер жасауға арналған құралдар Қоқыс сұрыптау туралы ақпараттық суреттер
Сабақтың ортасы	Пікірталас (15 минут) Оқушыларды «Қоршаған ортаны жақсарту – әр адамның міндеті» тақырыбында ашық пікірталасқа шақыру. Әр оқушы өз ойын еркін айтып,	**Топтық пікірталас** ***Талқылау***		Презентация Интерактивті тақта немесе компьютер Мотивациялық

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы*
Қамтылған оқушы саны*:70*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева, педагог-психологтар*

2025 жылғы 19 **қараша** күні 7–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбында дөңгелек үстел форматында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылар арасында адалдық, ар-намыс, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарасын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге және пікірталас мәдениетін сақтауға үйрету, сондай-ақ жауапты әрі саналы азамат тәрбиелеу болды.

Дөңгелек үстел барысында адалдық ұғымының мәні, оның жеке тұлға мен қоғам өміріндегі орны, ар-намыс пен адамгершіліктің адам өміріндегі маңызы туралы ой-пікірлер талқыланды. Оқушылар өмірлік мысалдар келтіріп, адал және жауапты әрекеттің салдары мен жауапсыздықтың теріс әсері жөнінде пікір алмасты.

Іс-шара сұрақ-жауап, ашық пікірталас және жағдаяттық тапсырмалар арқылы интерактивті түрде өтті. Оқушылар адалдықтың білім алуда, достық қарым-қатынаста, отбасында және қоғамда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Іс-шара барысында жасөспірімдердің өз құндылықтарын анықтауға, ар-ожданға сай шешім қабылдауға және адамгершілік қағидаттарын ұстануға деген ынтасы артқаны байқалды.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» тақырыбындағы дөңгелек үстел оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор, мазмұнды іс-шара болды. Бұл іс-шара білім алушылардың рухани дамуына ықпал етіп, адал, жауапты, саналы және қоғам алдында өз міндетін түсінетін азамат болып қалыптасуына оң әсерін тигізді.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Буллингтен қорған!*
Қамтылған оқушы саны*:90*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева, сынып жетекшілері*
Сілтемесі*: https://www.facebook.com/share/v/17to5KEkKU/?mibextid=wwXIfr*

2025 жылғы 19 **қараша** күні 1–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Буллингтен қорған!» тақырыбында қауіпсіздік сағаты форматында іс-шара ұйымдастырылды.
Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлері мен белгілері туралы ақпарат беру, зорлық-зомбылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіз ортада білім алуын қамтамасыз ету және өзара сыйластық пен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болды.

Қауіпсіздік сағаты барысында оқушыларға буллингтің (физикалық, психологиялық, вербалды, кибербуллинг) түрлері, оның салдары және жәбірленушіге тигізетін кері әсері туралы мәліметтер ұсынылды. Сонымен қатар, буллинг жағдайында өзін қалай қорғау керек, кімге жүгіну қажет, көмек сұраудың маңыздылығы және сыныптастар арасындағы қолдаудың рөлі кеңінен түсіндірілді.

Іс-шара жас ерекшеліктеріне сай жүргізіліп, бейнематериалдар, жағдаяттық тапсырмалар, сұрақ-жауап және пікір алмасу арқылы интерактивті түрде өтті. Оқушылар бір-біріне құрметпен қараудың, жанашырлық танытудың және қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығын түсінді.

Іс-шара барысында оқушылардың белсенділігі жоғары болып, олар буллингке қарсы тұру жолдары туралы өз ойларын білдірді. Қауіпсіздік сағаты оқушылардың психологиялық саулығын қорғауға және жағымды мектеп ахуалын қалыптастыруға бағытталды.
Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Буллингтен қорғау!» тақырыбындағы қауіпсіздік сағаты оқушылар үшін маңызды әрі өзекті болды. Бұл іс-шара білім алушылардың буллингке деген теріс көзқарасын қалыптастырып, өз құқықтарын қорғауға, бір-біріне қолдау көрсетуге және саналы, жауапты, адал азамат болып қалыптасуына оң ықпал етті.



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Еңбегі адал жас өрен*
Қамтылған оқушы саны*:80*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева*

2025 жылғы 20 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Еңбегі адал жас өрен» тақырыбында түсіндіру жұмыстары және кәсіби бағдарлау форматында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларға адал еңбектің маңыздылығын түсіндіру, еңбекке құрметпен қарау құндылығын қалыптастыру, оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына бағыт-бағдар беру және жауапты, еңбекқор тұлға тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында оқушыларға адал еңбек, табандылық және жауапкершілік ұғымдарының мәні ашылып, еңбек арқылы жетістікке жеткен тұлғалардың өмір жолынан мысалдар келтірілді. Сонымен қатар, түрлі мамандықтардың қоғамдағы рөлі, еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіптер және кәсіби бағдарлаудың маңызы туралы ақпарат берілді.

Кәсіби бағдарлау жұмыстары аясында оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған әңгіме жүргізіліп, болашақ мамандықты таңдауда өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалау қажеттігі түсіндірілді. Оқушылар өз ойларын білдіріп, еңбек пен адалдықтың өмірдегі орны туралы пікір алмасты.

Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтіп, олардың еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыруға, өз болашағына жауапкершілікпен қарауға ықпал етті.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Еңбегі адал жас өрен» тақырыбындағы түсіндіру жұмыстары мен кәсіби бағдарлау іс-шарасы оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор әрі пайдалы болды. Бұл іс-шара білім алушылардың адал еңбекке деген құрметін арттырып, саналы таңдау жасай алатын, жауапты және адал азамат болып қалыптасуына оң әсер етті.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік*
Қамтылған оқушы саны:*70*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:*2*
Жауапты:*А.Алиев,А.Менлибаев*

2025 жылғы 24 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты форматында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың жеке жауапкершілік туралы түсінігін қалыптастыру, өз әрекеттерінің салдарын бағалай білуге үйрету, тәртіп сақтау мәдениетін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін саналы тұлға тәрбиелеу болды.

Сынып сағаты барысында оқушыларға «жауапкершілік» ұғымының мәні мен мағынасы түсіндіріліп, күнделікті өмірде, мектепте және қоғамда жауапты мінез-құлықтың маңыздылығы туралы ақпарат берілді. Оқушыларға өз іс-әрекеттері үшін жауап беру, дұрыс шешім қабылдау, қателіктерден сабақ алу және өзіне жүктелген міндеттерді адал орындау мәселелері кеңінен қозғалды.

Іс-шара барысында өмірлік жағдаяттар ұсынылып, оқушылар оларды талқылау арқылы өз пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, тәртіп бұзудың, жауапсыздықтың оқу үлгеріміне, қарым-қатынасқа және болашақ өмірге тигізетін кері әсері түсіндірілді. Сынып сағаты интерактивті сұхбат және пікір алмасу түрінде өтті.

Оқушылар тақырыпқа белсенді қатысып, жауапкершілікті сезінудің, өз әрекеттерін бақылаудың және саналы таңдау жасаудың маңыздылығын түсінгендерін көрсетті. Іс-шара барысында адалдық, тәртіп, өзара сыйластық құндылықтарына ерекше назар аударылды.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылар үшін маңызды әрі тәрбиелік мәні зор болды. Бұл іс-шара білім алушылардың жеке жауапкершілігін арттырып, қоғамда өз орнын түсінетін, тәртіпті, саналы және адал азамат болып қалыптасуына ықпал етті.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Вейптерден бас тартудың себептері / Электронды темекілердің химиялық құрамы*
Қамтылған оқушы саны:*100*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:*2*
Жауапты:*А.Алиев,А.Менлибаев, педагог-психологтар*
Сілтемесі*: https://www.facebook.com/share/v/18KFQvMSya/*

2025 жылғы 25 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында профилактикалық акция форматында «Вейптерден бас тартудың себептері / Электронды темекілердің химиялық құрамы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылар арасында электронды темекілердің (вейптердің) зияны туралы жан-жақты ақпарат беру, олардың химиялық құрамымен таныстыру, жасөспірімдер арасында зиянды әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Іс-шара барысында оқушыларға вейптердің құрамында болатын никотин, улы химиялық қоспалар, ауыр металдар және олардың адам ағзасына тигізетін кері әсері туралы мәліметтер ұсынылды. Сонымен қатар, вейп қолданудың тәуелділікке әкелуі, тыныс алу жүйесіне, жүрек-қан тамырлары мен жүйке жүйесіне тигізетін зияны кеңінен түсіндірілді.

Оқушылар тақырыпқа белсенді қатысып, өз ойларын еркін білдіріп, вейптен бас тартудың себептері мен зиянды әдеттерден сақтану жолдары жөнінде пікір алмасты. Іс-шара барысында жасөспірімдердің денсаулығын қорғау және саналы таңдау жасаудың маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Іс-шара нәтижелері оқушылардың көпшілігінің электронды темекілердің қауіпсіз емес екенін, олардың химиялық құрамы денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіретінін түсінгенін көрсетті. Алынған мәліметтер алдағы уақытта профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін көрсетті.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Вейптерден бас тартудың себептері / Электронды темекілердің химиялық құрамы» тақырыбындағы профилактикалық акция оқушылар үшін маңызды әрі пайдалы болды. Бұл іс-шара білім алушылардың зиянды әдеттерге деген көзқарасын өзгертіп, салауатты өмір салтын ұстануға және жауапты, адал азамат болып қалыптасуына ықпал етті.



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу*
Қамтылған оқушы саны*:90*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева*
Сілтемесі:https://www.facebook.com/share/v/1C4Jwgr3mZ//
https://www.facebook.com/share/v/17xKAP75Ap/

2025 жылы 26 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында құқық сағаты өткізілді. **Аталған құқық сағатының негізгі мақсаты** – оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың мәні мен мазмұнын түсіндіру, оның қоғам дамуына, мемлекет пен жеке тұлғаға тигізетін зиянын ашып көрсету, сондай-ақ білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері, оның пайда болу себептері, құқықбұзушылық ретінде заңмен қалай реттелетіні және мұндай әрекеттер үшін көзделген жауапкершілік туралы жан-жақты ақпарат берілді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызы түсіндіріліп, қоғамда бұл келеңсіз құбылысқа мүлде төзбеушілік қалыптастыру қажеттігі атап өтілді.

Құқық сағаты интерактивті форматта өтіп, оқушылар нақты өмірлік жағдаяттар арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдарын талқылады. Сұрақ-жауап алмасу барысында білім алушылар өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, адал еңбек пен заң талаптарын сақтаудың маңыздылығына тоқталды.

Іс-шара нәтижесінде оқушылардың көпшілігі сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зиянын терең түсінгендерін, кез келген жағдайда заңды сақтау мен әділдік қағидаттарын ұстанудың маңызды екенін ұғынғандарын көрсетті. Алынған мәліметтер оқушылардың азаматтық ұстанымын нығайтып, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында өткізілген құқық сағаты оқушылар үшін тағылымды әрі мазмұнды болды. Бұл іс-шара білім алушылар арасында адалдық пен жауапкершілікке негізделген көзқарас қалыптастырып, заңды құрметтейтін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саналы азамат тәрбиелеуге берік негіз қалады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Интернет, компьютер және ойын тәуелділігін анықтау*
Қамтылған оқушы саны:*100*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:*2*
Жауапты:*А.Алиев,А.Менлибаев, сынып жетекшілері*

2025 жылғы 25 қараша күні 5–7 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ертеңіне бей-жай қарама!» тақырыбында қабырға газеті байқауы форматында іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың болашаққа саналы көзқарасын қалыптастыру, қоғамдағы жауапкершілікті сезінуін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және әлеуметтік маңызды мәселелерге қызығушылығын ояту болды.

Іс-шара барысында оқушыларға қабырға газетін дайындау үшін тақырыптық бағыттар берілді. Жұмыс барысында оқушылар өз ойларын суреттер, мәтіндер, деректер және қызықты фактілер арқылы жеткізіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді көрсетуге тырысты. Байқау шығармашылық тәсіл, мазмұнның мәнділігі, көрнекілік және ұжымдық жұмыс негізінде бағаланды.

Іс-шара барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, өз идеяларын қорғап, болашаққа бей-жай қарамаудың, қоғамға үлес қосудың және жауапты азамат болудың маңыздылығын түсінді. Қабырға газеті байқауы оқушылардың ойлау, шығармашылық және топтық жұмыс дағдыларын дамытты.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Ертеңіне бей-жай қарама!» тақырыбындағы қабырға газеті байқауы оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор және мазмұнды іс-шара болды. Бұл іс-шара білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, саналы, шығармашыл және адал азамат болып қалыптасуына оң ықпал етті.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Міржақып Дулатұлына – 140 жыл*
Қамтылған оқушы саны*:90*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева*
Сілтемесі*: **https://www.facebook.com/share/v/1CPZVWfxJv/***

2025 жылы 27 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Міржақып Дулатұлына – 140 жыл» тақырыбында мектепішілік іс-шаралар мен сынып сағаттары ұйымдастырылды. Аталған шаралар рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында өткізілді.

Іс-шаралардың негізгі мақсаты – оқушыларды қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ақын, жазушы Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу болды.

Сынып сағаттары барысында оқушыларға Міржақып Дулатұлының өмір жолы, қоғамдық қызметі, әдеби мұрасы мен ел болашағы жолындағы еңбегі туралы мәліме́ттер ұсынылды. Оқушылар ақын шығармаларынан үзінділер оқып, өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, тарихи тұлғаның қазақ халқы үшін маңызын талқылады.

Іс-шара нәтижесінде оқушылардың көпшілігі Міржақып Дулатұлының ұлт тарихындағы орны мен еңбегін терең түсінгендерін көрсетті. Сонымен қатар, бұл шаралар оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Міржақып Дулатұлына – 140 жыл» тақырыбында өткізілген мектепішілік іс-шаралар мен сынып сағаттары оқушылар үшін тағылымды әрі мазмұнды болды. Бұл іс-шаралар жас ұрпақтың рухани құндылықтарын нығайтып, елін, жерін сүйетін саналы азамат тәрбиелеуге берік негіз қалады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*И.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы*: Үздік балалар- жасөспірімдер ұйымы*
Қамтылған оқушы саны*:70*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны*:2*
Жауапты*: А.Алиев,А.Менлибаева*

2025 жылғы 27 **қараша** күні 7–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Үздік балалар-жасөспірімдер ұйымы» тақырыбында құрылтай өтті. Іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының **«Әділдік және жауапкершілік»** айлығы аясында ұйымдастырылды.

Аталған құрылтайдың негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысын жандандыру, оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру және жауапты, адал азамат тәрбиелеуге ықпал ету болды.

Құрылтай барысында оқушылар ұйымның қызмет бағыттары, атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар мен бастамалар жөнінде өз ойларын еркін білдірді. Сонымен қатар, оқушылар ұйым жұмысына қатысты ұсыныстарын айтып, белсенділік, өзара ынтымақтастық пен жауапкершілік мәселелерін талқылады.

Іс-шара нәтижесінде оқушылардың көпшілігі балалар-жасөспірімдер ұйымының мектеп өміріндегі маңызын түсінетінін және ортақ іске үлес қосуға дайын екенін көрсетті. Алынған ұсыныстар мен пікірлер ұйым жұмысының сапасын арттыруға және тәрбиелік шараларды жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік берді.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Үздік балалар-жасөспірімдер ұйымы» тақырыбында өткен құрылтай оқушылар үшін маңызды әрі мазмұнды болды. Бұл іс-шара білім алушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және өзара сыйластыққа негізделген белсенді орта құруға ықпал етті. Мұндай құрылтайлар жауапты, белсенді әрі адал азамат тәрбиелеудің берік негізін қалайды.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы:*П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Құқық бұзушылық пен әлімжеттікті анықтау*
Қамтылған оқушы саны:*100*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:*2*
Жауапты:*А.Алиев,А.Менлибаев, педагог-психологтар*

2025 жылғы 28 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының **«Әділдік және жауапкершілік»** айлығы аясында «Құқықбұзушылық пен әлімжеттікті анықтау» тақырыбында сауалнама ұйымдастырылды.

Аталған сауалнаманың негізгі мақсаты – білім алушылар арасында құқықбұзушылық пен әлімжеттіктің алдын алу, оқушылардың қауіпсіз білім беру ортасындағы ахуалды бағалау, сондай-ақ балалардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау болды.

Сауалнама барысында оқушыларға құқық бұзушылық түрлері, әлімжеттіктің (буллингтің) белгілері, оның салдары және мұндай жағдайларда көмекке жүгіну жолдарына қатысты сұрақтар ұсынылды. Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, мектептегі қарым-қатынас, қауіпсіздік деңгейі мен өздерін алаңдататын мәселелер жөнінде пікірлерін ортаға салды.

Сауалнама нәтижелері оқушылардың көпшілігінің әлімжеттіктің зияны мен құқықбұзушылықтың салдарын түсінетінін көрсетті. Сонымен қатар, алынған мәліметтер болашақта алдын алу шараларын күшейтуге және тәрбиелік жұмыстарды жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік берді.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілген «Құқықбұзушылық пен әлімжеттікті анықтау» тақырыбындағы сауалнама оқушылар үшін маңызды әрі пайдалы болды. Бұл іс-шара білім алушылардың құқықтық санасын арттырып, қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызын терең түсінуге ықпал етті. Мұндай сауалнамалар оқушылар арасында өзара сыйластықты нығайтып, жауапты да адал азамат тәрбиелеуге берік негіз қалайды.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әділдік және жауапкершілік» айлығы аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары аясында өткізілгені туралы анықтамасы

АНЫҚТАМА

Мектеп атауы: *П.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі*
Шара тақырыбы: *Сапарғали Бегалиннің туғанына-130 жыл*
Қамтылған оқушы саны:*100*
Басқа мүдделі органдардан қатысқан тұлғалардың саны:*2*
Жауапты:*А.Алиев,А.Менлибаев*

2025 жылғы 28 **қараша** күні 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай мектепішілік іс-шаралар мен сынып сағаттары өткізілді.

Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – білім алушыларды Сапарғали Бегалиннің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, отансүйгіштікке, адамгершілікке және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу болды.

Сынып сағаттары барысында оқушылар жазушының өмір жолы, еңбек жолы, балалар әдебиетіне қосқан үлесі туралы мәліметтер алып, оның шығармаларынан үзінділер оқыды. Сонымен қатар, шығармалары бойынша пікір алмасулар жүргізіліп, тәрбиелік мәні жоғары ойлар талқыланды.

Мектепішілік іс-шаралар аясында Сапарғали Бегалиннің шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылып, оқушылар жазушының еңбектерімен танысып, әдеби мұрасының маңызын тереңірек ұғынды. Белсенді қатысқан оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, Сапарғали Бегалиннің 130 жылдық мерейтойына арналған мектепішілік іс-шаралар мен сынып сағаттары мазмұнды әрі тағылымды өтті. Бұл жұмыстар оқушылардың әдеби-рухани дүниетанымын кеңейтіп, қазақ әдебиетіне деген құрметін арттыруға ықпал етті. Мұндай тәрбиелік іс-шаралар жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: **А.Алиев**
А.Менлибаева